**Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті орган берген лицензиялардың негізінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ішкі құжаттарын келісу ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 33 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 25 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2770. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.*

**---------------Қаулыдан үзінді---------------**

*Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі...*

*Төраға*

*Қосымша*

*Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*1 . . .*

*4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті орган берген лицензиялардың негізінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ішкі құжаттарын келісу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 16 ақпандағы N 33 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2770 тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған N 37-40).*

*-------------------------------*

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қ а у л ы е т е д і :

1. Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті орган берген лицензиялардың негізінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ішкі құжаттарын келісу ережесі және оларға өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың бірлестігіне, өзін-өзі басқаратын ұйымдарға, сауда-саттықты ұйымдастырушыларға, Орталық депозитарийге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті орган берген лицензиялардың негізінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ішкі құжаттарын келісу ережесін бекіту туралы"

2004 жылғы 16 ақпандағы
N 33 қаулысымен бекітілген

**Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті орган берген лицензиялардың негізінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ішкі құжаттарын келісу ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті орган берген лицензиялардың негізінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ішкі құжаттарын және оларға өзгерістер мен толықтыруларды (бұдан әрі - ішкі құжаттар) келісу тәртібін белгілейді.

1. Өтініш беруші ішкі құжаттарды уәкілетті органға екі данада, парақтары нөмірленген, тігілген, өтініш берушінің атқарушы органы басшысының не атқарушы органның қызметін жеке дара атқаратын тұлғаның қолы қойылған және өтініш берушінің мөрі басылған етіп ұсынады.

2. Уәкілетті орган ішкі құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде қарайды. Ішкі құжаттар Қазақстан Республикасының заң талаптарына және осы Ереженің 1-тармағына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган оларды келісіп, өтініш берушіге ішкі құжаттардың бір данасын уәкілетті органның келісу туралы белгісін қойып қайтарады.

3. Ішкі құжаттар Қазақстан Республикасының заң талаптарына және осы Ереженің 1-тармағына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган оларды келісуден бас тартады.

Уәкілетті орган өтініш берушіні ішкі құжаттарды келісуден бас тартқандығы туралы жазбаша хабардар етеді.

Өтініш беруші ішкі құжаттарды қайта ұсынған кезде оларды қарау мерзімі жаңадан есептеледі.

4. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК